

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз

AEC57000E



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Маңызды қауіпсіздік ақпараты	2
	Ескерту	2
2	WeCall динамигіңіз	5
	Кіріспе	5
	Қораптың құрамы	5
	Өнімге шолу жасау	6
3	Жұмысты бастау	7
	WeCall динамигін зарядтау	7
	WeCall динамигін қосу	7
	WeCall динамигін қосу	7
4	WeCall динамигін пайдалану	9
	Домофон ретінде пайдалану	9
	WeCall қолданбасымен бірге пайдалану (iPhone немесе Android телефоны үшін)	10
	Bluetooth немесе компьютер динамигі ретінде пайдалану	11
5	Өнім туралы ақпарат	12
6	Ақаулықтарды жою	13

1 Маңызды ақпарат

Маңызды қауіпсіздік ақпараты

Бұл құжаттың аудармасы тек анықтама ретінде берілген. Ағылшын нұсқасы мен аударылған нұсқасы арасында қандай да бір сәйкессіздік болған жағдайда ағылшын нұсқасы басымырақ болады.

- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткенде немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Батареяны пайдалану АБАЙЛАҢЫЗ – дене жарақатына, мүліктің зақымдалуына немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін батареяның ағуын болдырмау

үшін батареяларға (батарея жинағы немесе орнатылған батареялар) күн сәулелері, өрт немесе сол сияқты артық қызудың әсерін тигізбеу керек.

- АБАЙЛАҢЫЗ: батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.

Бөлшектерді/қосалқы құралдарды ауыстыру туралы

Қосалқы бөлшектерге/керек-жарақтарға тапсырыс беру үшін www.philips.com/support веб-торабына кіріңіз.

Ескерту

CE 0890

EAC

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.


Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық

ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды. Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік ораушы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



Skype — Skype немесе қатысты компаниялардың сауда белгісі. Бұл өнім сыналған және дыбыс және бейне сапасының сертификаттау стандарттарына сай болғанымен, оған Skype, Skype Communications S.a.r.l қолдау көрсетпейді, немесе ұсынылмаған.



Skype көмегімен жедел қоңыраулар шалу мүмкін емес

Skype кәдімгі телефоныңызды ауыстырмайды және оны жедел қоңырау шалу үшін пайдалана алмайсыз.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

2 WeCall динамигіңіз

Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Бұл Bluetooth конференциялық динамигі (WeCall динамигі) мына мүмкіндіктерді береді:


- Bluetooth қолдайтын смартфонды қосу және WeCall динамигі арқылы мобильді немесе VoIP қоңырауларды тікелей шалу.
- компьютерге/Мас компьютеріне жинақтағы USB кабелі арқылы қосу және тікелей WeCall динамигі арқылы VoIP қоңырауларын шалу.
- Bluetooth қолдайтын iPhone немесе Android телефонын қосу және **WeCall** қолданбасының көмегімен WeCall динамигі арқылы конференциялық қоңырау шалу.
- Bluetooth қолдайтын мобильді құрылғыдан немесе компьютерден/Мас компьютерінен музыканы тыңдау.
- жинақтағы USB кабелі арқылы қосылған компьютерден/Мас компьютерінен музыканы тыңдау.

Қораптың құрамы

WeCall динамигіне кіретін мыналарды тексеріңіз және анықтаңыз:

- WeCall динамигі
- Ұстап жүретін қап
- USB кабелі
- Басып шығарылған материалдар

Өнімге шолу жасау



① **📷 / 🔊**

- Қоңырау немесе музыка ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеу.

② **ON/OFF қуат қосқышы**

- WeCall динамигін қосу немесе өшіру.

③ **CLEAR ☎**

- Бар жұптастыру туралы ақпаратты жою.

④ **Зарядтау көрсеткіші**

- Батарея заряды төмендеп жатқанда немесе WeCall динамигін зарядтағанда қызыл түспен жанады.

⑤ **Micro USB ұяшығы**

- Жинақтағы USB кабелімен қосуға арналған.

⑥ **USB/📶 көзінің қосқышы**

- USB немесе Bluetooth дыбыс көздері арасында ауысу.

⑦ **📶**

- Кіріс мобильді қоңырауға жауап беру.
- Ағымдағы мобильді қоңырауды аяқтау.

⑧ **Көз көрсеткіші**

- Bluetooth режимінде көк түспен жанады.
- USB режимінде жасыл түспен жанады.

⑨ **🔊**

- Екінші тарап сізді естуі үшін қоңырау кезінде WeCall динамигінің 4 кірістірілген микрофонының дыбысын өшіріңіз.

3 Жұмысты бастау


! Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

WeCall динамигін зарядтау

- WeCall динамигін компьютерге/Mac компьютеріне жинақтағы USB кабелінің көмегімен жалғаңыз.
 - ➔ Зарядтау көрсеткіші қызыл түспен жанады.
 - ➔ WeCall динамигі толығымен зарядталғанда зарядтау көрсеткіші өшеді.




- Сондай-ақ, WeCall динамигін USB қуат адаптері (жинақта жоқ) арқылы зарядтауға болады.

* Кеңес

- Батарея заряды төмен болғанда зарядтау көрсеткіші қызыл түспен жыпылықтайды.
- WeCall динамигін толығымен зарядтау шамамен 2 сағат алады.
- Толығымен зарядталған WeCall динамигі шамамен 8 сағат жұмысты қолдайды.

WeCall динамигін қосу

- Қуат қосқышын **ON** күйіне сырғытыңыз.
 - ➔ Bluetooth режимінде күй көрсеткіші көк түспен жанады.
 - ➔ USB режимінде көз көрсеткіші жасыл түспен жанады.



- WeCall динамигін өшіру үшін қуаты қосқышын **OFF** күйіне сырғытыңыз.

WeCall динамигін қосу


1-нұсқа: Bluetooth қолдайтын құрылғыны қосу

WeCall динамигін Bluetooth қолдайтын мобильді құрылғымен (мысалы, ұялы телефон немесе планшет) немесе компьютермен/Mac компьютерімен жұптастыруға болады. Содан кейін WeCall динамигінен музыканы тыңдауға болады немесе оны мобильді немесе VoIP қоңыраулар шалғанда домофон ретінде пайдалануға болады.


☰ Ескертпе

- WeCall динамигі мен Bluetooth қолдайтын құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.

- 1 WeCall динамигінің төменгі жағындағы көз қосқышын **3** күйіне сырғытыңыз.



- 2 Bluetooth қолдайтын құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз.
- 3 Bluetooth қолдайтын құрылғыда «Philips WeCall speaker (Philips WeCall динамигі)» құрылғысын таңдаңыз және қажет болса, жұптастыру құпия сөзі ретінде «0000» сандарын енгізіңіз.
 - ↳ Көз көрсеткіші көк түспен жыпылықтай бастайды.
 - ↳ Сәтті жұптастырудан және қосылудан кейін, көз көрсеткіші көк болып жанады және WeCall динамигі дыбыстық белгі береді.




Кеңес

- Компьютер/Мас үшін тұрақты өнімділікті қамтамасыз етуге USB қосылымы режимі ұсынылады.


2-нұсқа: USB арқылы қосу

USB кабелі WeCall динамигін зарядтауды және оны сонымен бірге WeCall динамигін компьютерге/Мас компьютеріне қосып музыканы тыңдау үшін пайдалануға болады немесе оны VoIP қоңырауларын жасағанда домофон ретінде пайдалануға болады.

- 1 WeCall динамигінің төменгі жағындағы көз қосқышын **USB** күйіне сырғытыңыз.



- 2 WeCall динамигін компьютерге/Мас компьютеріне жинақтағы USB кабелінің көмегімен жалғаныз.
 - ↳ Көз көрсеткіші жасыл түспен жанады.




Ескертпе

- Жаңа Bluetooth қолдайтын құрылғымен жұптастыру үшін мына әрекеттерді орындауға болады:
- 1. Бар Bluetooth қосылымын үзу үшін WeCall динамигінің төменгі жағында **CLEAR** түймесін 3 секундтан көбірек ұстап тұрыңыз.
- 2. Қазіргі уақытта қосылған құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз.
- WeCall динамигі 4-ке дейін жұптастырылған құрылғыны есте сақтай алады. Басқа Bluetooth қолдайтын құрылғымен жұптастырғанда бірінші есте сақталған құрылғы қайта анықталады.

4 WeCall динамигін пайдалану

Домофон ретінде пайдалану

Егер WeCall динамигі Bluetooth қолдайтын ұялы телефонға, не болмаса планшет немесе компьютер/Mac сияқты басқа құрылғыларға қосылған болса:



- 1 WeCall динамигінде Bluetooth көзі таңдалғанын тексеріңіз.
- 2 Мобильді телефонда мобильді немесе VoIP қоңыраулар шалыңыз, не болмаса планшетте немесе компьютерде/Mac компьютерінде VoIP қоңырауларын (мысалы, Skype™ қоңырауларын) шалыңыз.
- 3 WeCall динамигін қоңырау кезінде домофон ретінде пайдаланыңыз.

Кеңес

- Кіріс мобильді қоңырау болғанда қоңырауға жауап беру үшін түймесін басуға болады.
- Мобильді қоңырау кезінде қоңырауды аяқтау үшін түймесін басуға болады.
- Мобильді қоңырау кезінде екінші тарап сізді естуі үшін WeCall динамигінің 4 кірістірілген микрофонының дыбысын өшіру үшін түймесін басуға болады.
- Мобильді немесе VoIP қоңырауы кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall динамигінде / түймесін пайдалануға болады.

Егер WeCall динамигі компьютерге/Mac компьютеріне USB кабелі арқылы қосылған болса:




- 1 WeCall динамигінде USB көзі таңдалғанын тексеріңіз.
- 2 Компьютерде/Mac компьютерінде VoIP қоңырауларын (мысалы, Skype™ қоңыраулары) шалыңыз.
- 3 WeCall динамигін қоңырау кезінде домофон ретінде пайдаланыңыз.

WeCall қолданбасымен бірге пайдалану (iPhone немесе Android телефоны үшін)

- 1 iPhone немесе Android телефоныңызға Philips WeCall қолданбасын жүктеніз.




- 2 WeCall динамигі және iPhone немесе Android телефоны арасында Bluetooth қосылымын орнатыңыз (ақылдану '1-нұсқа: Bluetooth қолдайтын құрылғыны қосу' бет 7).




- 3 Philips WeCall қолданбасын іске қосыңыз және күнтізбеден кездесулерді импорттаңыз.


- Бқтимал конференциялық қоңыраулар бөлектеледі. Олардың біреуін таңдаңыз.



- 4 Телефон нөмірін және кодты растаңыз.




- 5 Конференциялық қоңырау шалу.






Кеңес

- Қоңырау кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall динамигінде «🔊» / «🔇» түймесін пайдалануға болады.
- Қоңырау кезінде екінші тарап сізді естуі үшін WeCall динамигінің дыбысын өшіру үшін «🔇» түймесін басуға болады.
- Қоңырау кезінде қоңырауды аяқтау үшін «📞» түймесін басуға болады.



Кеңес

- Дыбысты ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall динамигінде «🔊» / «🔇» түймесін пайдалануға болады.
- Дыбысты ойнату кезінде WeCall динамигінің дыбысын өшіру үшін «🔇» түймесін басуға болады.



- USB режимінде компьютерде/Мас компьютерінде дыбысты ойнатуды бастаңыз, содан кейін WeCall динамигінен тыңдаңыз.

5 Өнім туралы ақпарат

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2W RMS
Жиілік жауабы	80 Гц -16к Гц, ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	>75 дБ

Bluetooth

Bluetooth® нұсқасы	V2.1 + EDR
Жиілік жолағы	2,402-2,480 ГГц ISM диапазоны
Ауқымы	10 м (бос орын)

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	4ohm
Үндеткіш драйвері	1" динамик
Сезімталдық	>84 дБ/1 Вт/1 м

Жалпы ақпарат

Тұрақты ток қуат кірісі	Кіріс: 5 В тұрақты ток, 1 А
Батарея	Үлгі нөмірі: SDL-553055- 1000 мАс Номиналды кернеу және сыйымдылығы: 3,7 В тұрақты ток, 1000 мАс
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Д)	110 x 28 x 110 мм
Салмағы	
- Қорабымен	0,33 кг
- Негізгі құрылғы	0,17 кг

6 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіккеніз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- WeCall динамигі қосылған-қосылмағанын тексеріңіз (ақылдасу 'WeCall динамигін қосу' бет 7).
- WeCall динамигін зарядтаңыз (ақылдасу 'WeCall динамигін зарядтай' бет 7).

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall динамигінде «» / «» түймесін басыңыз.
- Ұялы телефон, планшет немесе компьютер/Мас сияқты қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Дұрыс көз таңдалғанын тексеріңіз.
- WeCall динамигі қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
- WeCall динамигімен Bluetooth немесе USB қосылымын тексеріңіз.
- Қосылған құрылғыда дыбысты ойнату немесе қандай да бір қоңырау басталған ба, соны тексеріңіз.

Bluetooth қосылымы орнатылмады

- WeCall динамигі қосылған-қосылмағанын тексеріңіз (ақылдасу 'WeCall динамигін қосу' бет 7).
- Bluetooth көзі таңдалғанын тексеріңіз.

- WeCall динамигі және Bluetooth қолдайтын құрылғы тиімді жұмыс ауқымында, яғни, шамамен 10 метр (30 фут) екенін тексеріңіз.
- WeCall динамигі мен Bluetooth қолдайтын құрылғы арасындағы қандай да бір кедергіні алыңыз.
- WeCall динамигіне қосылу үшін құрылғыдағы Bluetooth параметрін тексеріңіз (мәліметтерді нақты құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).
- Қалпына келтіру үшін WeCall динамигінің төменгі жағындағы **CLEAR 0** түймесін 3 секундтан көбірек ұстап тұрыңыз да, әрекетті қайталаңыз.
- Егер компьютермен/Мас компьютерімен Bluetooth қосылымында қандай да бір мәселе бар болса, компьютердің Bluetooth драйверін, не болмаса Мас компьютерінің iOS нұсқасын жаңартыңыз.
- Мас компьютерімен бірінші рет жұптастырудан кейін WeCall динамигі ажыратылған болып көрсетілуі мүмкін. Бұл ақаулық емес. Bluetooth қосылымын іске қосу үшін жай WeCall динамигі арқылы VoIP қоңырауларын шалу немесе музыканы ойнату керек.



2014 © WOOX Innovations Limited.

All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

AECS7000E_00_UM_V2.0

